



"Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 наурыздағы N 217 Қаулысы.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 4 наурыздағы
N 217 қаулысымен
бекітілген

"Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолданылу аясы

1. Осы "Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - осы техникалық регламент) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексін, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексін және "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы, "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі, "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 2002 жылғы 4 желтоқсандағы, "Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Осы техникалық регламенттің талаптары Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының кодтарына сәйкес жіктелетін техникалық реттеу объектілері болып табылатын синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларына қолданылады. 3402 - тауар позициясы ("Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы" жіктеушісіне сәйкес).

2. Терминдер мен анықтамалар

3. Осы техникалық регламентте "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында пайдаланылған негізгі терминдер, сондай-ақ мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады.

1) аэрозольдік орам - металдан, шыны немесе пластмассадан жасалған, ішінде сұйықтықпен, сықпамен немесе ұнтақпен немесе онсыз қысым астында сығылған, сұйылтылған немесе ерітілген газ болатын бір реттік пайдаланылатын ыдыс. Осы ыдыс газда өлшенген қатты немесе сұйық бөлшектерді, көбік, паста немесе ұнтақты сұйық немесе газ тәрізді күйде лақтырылуына мүмкіндік беретін, аэрозольдік шашыратқымен жабдықталған шығару құрылғысымен жабдықталған;

2) өтінім беруші - осы техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау үшін өнімді берген заңды немесе жеке тұлға;

3) толық биоыдыраушылық - заттардың микроорганизмдермен көміртегінің қос тотығы мен тұздарды қайта өңдеу есебінен толық минералдануымен сипатталатын (оттегі болғанда) биологиялық аэробтық ыдырау деңгейі;

4) кері жалын - жалынның тұтану көзінен аэрозоль ағыны бойынша аэрозоль орамына таралуы;

5) қауіпсіздік паспорты - химиялық өнімнің сипаттамалары мен оны қолдану кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары туралы қажетті мәліметтерден тұратын ақпараттық құжат;

6) алғашқы биоыдыраушылық - заттың тазартатын құрылғылар мен су қоймаларында бар микроағзалармен, оның беттік-белсенді қасиеттерін жоғалтуға әкелетін аэробтық (оттегі болғанда) биологиялық трансформациясы (құрылымдық өзгеруі);

7) беттік-белсенді зат - беттік-белсенді қасиеттерге ие және судың беттік тартылысын төмендетуге, сондай-ақ су мен ауа шекарасында таралатын немесе сіңірілетін мономолекулярлық қабаттардың қалыптасуына, эмульсиялар және/немесе микроэмульсиялар және/немесе мицеллалар қалыптасуына, сондай-ақ қатты және сұйық фазалар бөлінісінің шекарасында сіңірілуге мүмкіндік беретін бір немесе одан да көп гидрофильдік топтардан және бір немесе одан артық гидрофобтық топтардан тұратын кез келген органикалық зат және/немесе препарат;

8) пропеллент - затпен бірге ыдыста қысымда болатын және затты шашыратуға мүмкіндік беретін көміртегінің қос тотығы немесе басқа газ;

9) синтетикалық жуғыш құралдар - тұрмыстық және өнеркәсіптік мақсаттарда пайдаланылатын синтетикалық немесе табиғи беттік-белсенді заттар негізіндегі жууға арналған құралдар;

10) тұрмыстық химия тауарларына (оның ішінде аэрозольдік орамдағы): маталарды жуғанға дейін және кейін өңдеуге арналған құралдар;

қатты беттерді жуу мен тазартуға және олардың күтіміне арналған құралдар; үй-жайлар мен жабық ыдыстардағы иістерді жоюға арналған құралдар жатады.

3. Өнімдердің нарықтағы айналымының шарттары

4. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары осы техникалық регламентпен белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

5. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары егер олар арналуы бойынша тиісті пайдалану кезінде адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін қауіп туғызбаған жағдайда ғана нарыққа жеткізіледі және өткізіледі.

4. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары

6. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігі арналуы мен қолданылу тәсілін және әзірленген қорғаныс шараларының жеткіліктілігін есепке алып өнім құрамымен қамтамасыз етіледі.

7. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының құрамындағы ингредиенттер тізбесі осы техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген.

8. Нарықтағы айналымға ескертпе таңбалаусыз және баламалы қорғау шараларымен қолдану тәсіліне арналған нұсқауларсыз мынадай:

1) асқазанға енгізген, теріге жаққан және тыныс жолдарына әсер ету кезінде аса уыттылығы бойынша қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын;

2) теріні жарақаттайтын (күйдіретін) және шырышты қабыққа қайтарусыз салдарлар тудыратын;

3) теріге жаққан және тыныс жолдарына әсер ету кезінде сезімталдық тудыру (аллергендік) әсер етуге ие;

4) гендік өзгеріс ету әрекеттерін және өну қызметтерінің бұзылуын тудыратын;

5) канцерогендік болып табылатын синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары жіберілмейді.

9. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздік көрсеткіштері:

1) биобыдыраушылық (толық, алғашқы);

2) сутегі иондарының белсенділік көрсеткіштері (pH);

3) ыдыс жууға арналған құралдардың ыдыстан шайылуы;

4) фосфордың бес тотығына қайта санағанда құрамында фосфоры бар қосылыстардың салмақтық үлесі (P₂O₅);

5) хлорбелсенді қосылыстары бар құралдарда белсенді хлордың салмақтық үлесі;

6) тозаң түзу (тозаңның салмақтық үлесі);

7) тыныс алу жолы арқылы улану мүмкіндігінің коэффициенті (КВИО - 20 градус Цельсий жағдайында (20^0 C) ауада зиянды заттың ең жоғарғы рұқсат етілетін шоғырының тышқандар үшін заттың өлім қаупін тудыру шоғырына қатынасы);

8) аэрозольдік орамдағы тұрмыстық химия тауарлары үшін - 20 градус Цельсий жағдайында (20^0 C) аэрозольдік орамдағы артық қысым болып табылады.

10. Аэрозольдік орамдағы қауіпсіздік көрсеткіштері өрт қауіпсіздігінің мынадай көрсеткіштері болып табылады:

1) өртену жылуы, килограмға мегаджоуль (МДж/кг),

2) аэрозоль шашырауы бойынша жалынның таралу ұзындығы, метр (м),

3) аэрозоль орамына аэрозоль шашыратқышы бойынша тұтану көзінен жалынның ("кері жалын") таралуы, метр (м).

Өрт қаупі көрсеткіштерінің шектік мәні аэрозольдік өнімді қолдану аясымен айқындалады.

Аэрозоль шашыратуы бойынша жалынның таралу ұзындығы тұтанудың элеуетті көздері бар тұрғын үй, әкімшілік және қоғамдық ғимараттарда шашырату үшін 0,45 метрді (м) құрауы тиіс.

Элеуетті жану көздері бар тұрғын үй, әкімшілік және қоғамдық ғимараттарда тозаңдату кезінде "қайта жалынға" ие болатын аэрозольді өнімдерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

11. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының құрамына кіретін беттік-белсенді заттардың толық биологиялық ыдырауының деңгейі кемінде 60 %-ды (көміртегінің қостотығы бойынша) немесе кемінде 70%-ды (жалпы органикалық көміртегі бойынша) құрауы тиіс.

12. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының құрамына кіретін беттік-белсенді заттардың осы техникалық регламенттің 11-тармағының талаптарына сәйкес болмайтын алғашқы биологиялық таралу деңгейі кемінде 80 %-ды құрауы тиіс.

13. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігі көрсеткіштерінің шекті рұқсат етілетін мәндері осы техникалық регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

5. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

14. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын сақтау өнімге өтінім беруші көздеген қауіпсіздіктің барлық талаптары мен қорғаныс шараларын есепке ала отырып жүргізілуі тиіс.

15. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қоймалар мен өткізу орындарында сақтаған кезде өндірістік үй-жайларда сыртқа тарту желдеткіштерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

16. Өндірістік үй-жайларда аэрозольдік өнімді сақтаған кезде тамақ ішуге, темекі шегуге жол берілмейді.

6. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын тасымалдау кезінде қойылатын талаптар

17. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларына, олар тиісті түрде оралған, таңбаланған, тасымалдау қауіпсіздігі жөніндегі ақпаратпен жабдықталған жағдайда ғана тасымалдауға рұқсат етіледі.

18. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын тасымалдау кезінде мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:

1) кейіннен оның тұтынушылық қасиеттерін және қауіпсіздік көрсеткіштерін өзгерте отырып рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмайтын герметикалығын, тұтастығын, орамның төзімділігін сақтау;

2) синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының әрбір партиясына ілеспе құжаттардың және штаттан тыс, апаттық немесе төтенше жағдайлар туындаған жағдайда нұсқаулықтардың болуы;

3) синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының азаматтардың өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар өмірі мен денсаулығына және өсімдіктерге әсер ету қаупін болдырмайтын еңбекті қорғау тәсілдері мен әдістерін пайдалану;

4) қызметкерлерге қажетті жеке және қорғаудың ұжымдық құралдарын, арнайы киімдерді, жеке бастың гигиенасы құралдарын, алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған құралдарын ұсыну;

5) қызметкерлерді синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары мен қауіпсіз жұмыс тәсілдері туралы ақпаратпен таныстыру;

6) апатты жағдайларды болдырмау және олардың салдарын жою бойынша, өрт сөндірудің тәсілдері мен құралдарын қамтитын шараларды әзірлеу.

19. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын тасымалдау кезіндегі қорғау шараларын өтінім беруші қауіпсіздік паспортында көрсетеді.

20. Өнімдерді тасымалдауға қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін қажетті біліктілікке ие қызметкерлер жіберіледі.

7. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары

21. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын, олар тиісті түрде оралған, таңбаланған, қауіпсіз сақтау, тасымалдау және өткізу жөніндегі ақпаратпен жабдықталған жағдайда ғана өткізуге рұқсат етіледі.

22. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын өткізу кезінде мыналар қамтамасыз етілуі тиіс:

1) кейіннен оның тұтынушылық қасиеттерін және қауіпсіздік көрсеткіштерін өзгерте отырып синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларына рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмайтын герметикалығын, тұтастығын, орамның төзімділігін сақтау;

2) синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының әрбір партиясына сақтау шарттары, сақтау мерзімдері көрсетілген ілеспе құжаттардың және штаттан тыс апаттық және төтенше жағдайлар туындаған жағдайда нұсқаулықтардың болуы;

3) синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының азаматтардың өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар өмірі мен денсаулығына және өсімдіктерге әсер ету қаупін болдырмайтын еңбекті қорғау тәсілдері мен әдістерін пайдалану;

4) қызметкерлерге қажетті жеке және қорғаудың ұжымдық құралдарын, арнайы киімдерді, жеке бастың гигиенасы құралдарын, алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған құралдарын ұсыну;

5) қызметкерлерді синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары мен қауіпсіз жұмыс тәсілдері туралы ақпаратпен таныстыру;

6) апатты жағдайларды болдырмау және олардың салдарын жою бойынша, өрт сөндірудің тәсілдері мен құралдарын қамтитын шаралар әзірлеу.

23. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын өткізу кезінде қорғау шараларын өтінім беруші қауіпсіздік паспортында көрсетеді. Қауіпсіздік төлқұжатының тиісті бөлімдеріне енгізілетін ақпараттың құрамына, мазмұнына және нысанына ең аз талаптар осы техникалық регламентке 3-қосымшада көрсетілген.

24. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын өткізу кезіндегі жұмысқа қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін қажетті біліктіліктері бар қызметкерлер жіберіледі.

25. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын өткізуге арналған үй-жай санитарлық нормалар мен өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

8. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

26. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары олар тиісті түрде оралған, таңбаланған, қауіпсіздік белгілерімен, оларды қауіпсіз қолдану жөніндегі ақпаратпен жабдықталған жағдайда ғана қолдануға жіберіледі.

27. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қауіпсіз қолдану жөніндегі ақпаратты өндіруші әзірлеуі тиіс.

28. Тұрмыстық жағдайда синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қауіпсіз қолдану жөніндегі ақпарат мынадай:

синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларымен жұмыс кезіндегі қорғанудың жеке құралдары;

синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары азаматтардың өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар өмірі мен денсаулығына және өсімдіктерге әсер ету қаупін болдырмайтын еңбекті қорғау тәсілдері мен әдістерін пайдалану туралы мәліметтерден тұруы тиіс.

29. Өнеркәсіптік жағдайларда синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қауіпсіз қолдану жөніндегі ақпарат мыналарды қамтуы тиіс:

1) азаматтар мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін және жұмыс аймағының ауасында, атмосфералық ауада және қоршаған ортада санитарлық-эпидемиологиялық бақылауға жататын химиялық заттардың тізбесі;

2) сенсублизирлейтін қасиеттерге ие химиялық заттардың тізбесі;

3) жұмыс істейтін персоналдың қажетті құралдарының тізбесі;

4) синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қауіпсіз қолдануға бақылаудың қажетті техникалық құралдарының тізбесі;

5) адамның синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларымен байланыс жасауын және азаматтардың өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар өмірі мен денсаулығына және өсімдіктерге әсер ету қаупін болдырмайтын, сондай-ақ апатты жағдайларды болдырмайтын еңбекті қорғау тәсілдері мен әдістерін таңдау жөнінде ұсынымдар;

6) апатты жағдайларды болдырмау тәсілдері, оның ішінде жабдыққа қойылатын талаптар және өрт сөндіру, жарылыстан қорғау тәсілдері мен құралдарының тізбесі.

30. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын өнеркәсіптік қолдануды қажетті біліктілікке ие, еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытылған, қажетті қорғау құралдарымен қамтамасыз етілген және қауіпсіздік және жұмыс істейтін персоналдың еңбегін қорғау талаптарына сәйкес синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларымен жұмысқа жіберілген персонал жүзеге асыруы тиіс.

31. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын өнеркәсіптік қолдану кезінде жарылыс қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және химиялық қауіпсіздік мыналар арқылы іске асырылатын шаралармен қамтамасыз етілуі тиіс:

1) технологиялар мен жабдықтарды, синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қолданумен байланысты қауіптілікті азайтатын еңбек тәсілдері мен әдістерін таңдау;

2) синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қауіпсіз қолдануды бақылаудың техникалық құралдарын пайдалану және тиісті ұстау;

3) синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын қолдану кезінде, жұмыс аймағының ауасында, атмосфералық ауада және қоршаған орта объектілерінде бөлінетін зиянды химиялық заттарды ұстауды өндірістік зертханалық бақылауды жүргізу;

4) жұмыс істейтін персоналды тікелей немесе мүмкін болатын қауіп туралы ескерту, тыйым салу, нұсқау немесе белгілі бір әрекеттерге рұқсат ету үшін, сондай-ақ пайдаланылуы қауіпті және зиянды факторлардың әсерін болдырмайтын және төмендететін құралдардың орналасуы туралы ақпаратқа арналған қауіпсіздік белгілерін пайдалану;

5) жұмыс істейтін персоналға қажетті жеке және ұжымдық қорғау шараларын, арнайы киім, жеке бастың гигиенасы құралдарымен, алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған құралдарын ұсыну;

6) персоналдың білімін тексеру, апатты жағдайларды болдырмау тәсілдерін қайта жасау және оларды жою қажетті құралдарын жасақтау;

7) еңбектің қауіпсіз шарттарын қамтамасыз ету және синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларымен жұмыс жасайтын жұмыс істейтін персоналға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өтемақылар беру.

9. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздік талаптары

32. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын, сондай-ақ орамдарды кәдеге жарату және (немесе) жою егер өтінім беруші өзгедей белгілемесе, тұрмыстық қалдық ретінде жүзеге асырылады.

33. Егер синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын кәдеге жарату және (немесе) жою тұрмыстық қалдық ретінде жүзеге асырылмаса, онда бұл өндірушінің синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларына және тұтынушылық орамында техникалық құжаттамада көрсетіледі.

34. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын кәдеге жарату және (немесе) жою кезінде экологиялық талаптар, халықтың

санитарлық-эпидемиологиялық қолайлығы талаптары сақталуы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін еңбекті қорғау қауіпсіздігі бойынша шаралар қамтамасыз етілуі тиіс.

10. Ақпаратқа қойылатын қауіпсіздік талаптар

35. Тұтынушыға арналған ақпарат ілеспе құжаттамада және/немесе тұтынушылық таңбалануында және/немесе қауіпсіздік паспортында болады.

36. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының тұтынушылық таңбалануына қойылатын талаптар:

Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының тұтынушылық таңбалануы нақты, түсінікті, жеңіл байқалатын және жуылмайтын, химиялық заттардың, климаттық факторлардың әсеріне тұрақты әріптермен жазылуы, өнімді пайдаланудың барлық мерзімі ішінде сақталуы және мына ақпараттан тұруы керек:

1) саудалық атауын қоса алғанда, өнімнің құрамы туралы деректер және нақты өнімді нарықтағы айналымдағы өзге өнімнен нақты айыруға мүмкіндік беретін басқа деректер;

2) шұғыл жүгінулер үшін байланысу деректерін - атауы, не сауда атауы, не сауда белгісі, өнімді нарыққа орналастыруға жауапты болатын тараптың толық мекен-жайы мен телефон нөмірін қоса алғанда өнімге өтінім беруші (егер өтінім беруші дайындаушы болып табылмаса) туралы мәліметтер;

3) өнімнің арналуы;

4) қауіп сипаттамасы (қажет жағдайда - дабыл белгілері немесе пиктограммалар);

5) қауіптіліктің алдын алу жөнінде шаралар;

6) өнім топтамасының сәйкестендіру деректері;

7) орау кезінде тұтынушы орауында өнімнің атаулы құрамының таза грамм, килограмм (г, кг) салмағы немесе текше сантиметрлерде, текше дециметрдегі (см³, дм³) көлемі;

8) тұтынушы орауында өнімнің дайындалған күнін немесе осы күн көрсетілген орынды көрсетіп "дейін (ай, жыл) жарамды (пайдаланылсын), не "жарамдылық мерзімі (ай, жыл) сөздерімен көрсетілетін жарамдылық мерзімі;

9) оларды сақтау өнімнің жарамдылық мерзімі бойына сақталуын қамтамасыз ететін шарттар (қажет жағдайда). Егер, жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін арналуын түзеткен жағдайда өнім пайдаланыла алатын болса, онда қолданылу тәсілдері туралы мәліметтер көрсетіле отырып тиісті ақпарат беріледі.

37. Осы техникалық регламенттің 1-қосымшасының 1) тармағында көрсетілген синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары құрамындағы ингредиенттер туралы ақпарат мынадай түрде жазылуы керек:

1) 5%-дан кем;

- 2) 5 % немесе одан астам, бірақ 15%-дан кем;
- 3) 15% немесе одан астам, бірақ 30 %-дан кем;
- 4) 30 % және одан астам.

38. Тұтынушыға арналған ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетіледі. Өтінім берушінің атауы, синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының аты және шетелдік өтінім берушінің орналасқан орны латын графикасының негізін пайдаланып белгіленуі мүмкін.

39. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының сәйкестендіру белгісі тұтынушы таңбалануында көрсетілген оның арналуы болып табылады.

40. Кір жуу және/немесе жуынуға арналған құрал ретінде сатылуға түсетін синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларын тұтынушылық таңбалау кір жуу және/немесе жуынудың қолданылатын тәсіліне қарай құралдың ұсынылатын саны және/немесе мөлшері туралы ақпараттан тұруы тиіс.

41. Тұтынушылық таңбалау мынадай сақтық шаралары мен ескерту жазуларын қамтуы тиіс:

1) "Тіке күн сәулесінен және... ° С-тан жоғары қызудан сақтау керек" (шарттар нақты құралға арналған нормативтік немесе техникалық құжатта көрсетілуі тиіс);

2) "Бұзбау және балаларға бермеу керек";

3) аэрозоль шашырандысы бойынша жалын таралуы 0,05 метр (м) ұзындығына және "кері жалынға" ие аэрозольдік өнім үшін "От қауіпті! Ашық от және ыстық заттар жанында шашпау керек" деген ескерту жазуы болуы тиіс;

4) "Шашырату кезінде басын төмен аудармау керек!" (пропеллент ретінде құрамында көмірқышқыл газы немесе қысылған ауасы бар құралдар үшін);

5) "Құрамында белсенді хлор бар".

Қажет жағдайда тұтынушылық таңбалау өнімді қолдануды шектеу туралы ескертпеден (аллергендерге, тозаң, тітіркендіргіш заттарға және т.б. асқан сезімталдыққа ие тұлғалар үшін), сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарын (қорғау көзілдіріктері, резеңке қолғаптар) қолдану қажеттілігі туралы нұсқаулық болуы тиіс.

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.16 N 13 қаулысымен.

42. Өнеркәсіптік секторда пайдалануға арналған және халыққа сатуға түспейтін синтетикалық жуғыш құралдары мен тұрмыстық химия тауарлары үшін, егер ұқсас ақпарат осы құралды дайындауға арналған құжаттарда, қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтарда немесе өзге тәсілмен көрсетілген болса, осы техникалық регламенттің 36, 39, 40-тармақтарының талаптары қолданылмайды.

43. Көліктік таңбалау өнімді сақтау, тасымалдау, сату және кәдеге жарату кезінде өнім қауіпсіздігін қамтамасыз етуі және қажет кезінде Қазақстан Республикасының

нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес сақтық шараларын және (немесе) қауіптілік белгілерін қамтамасыз етуі және мыналардан тұруы тиіс:

- 1) негізгі өнім мен пропелленттің жалпы жану жылуының мегаджоульдегі килограммға мәні (МДж/кг);
- 2) аэрозоль шашырандысы бойынша жалынның таралу ұзындығы, метр (м) және "кері жалын" болуы туралы ақпарат;
- 3) "От қауіпті!" жазуы (жанбайтын негізгі өнім мен пропеллентті өнімнен басқа).

11. Орамға қойылатын талаптар

44. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлардың орамы дiрiлдiң, соғылудың немесе температураның, қысым немесе ылғалдылықтың өзгеруi салдарынан iшiндегiлердiң түрiн өзгертпеудi, кемудi немесе төгiлудi болдырмауды қамтамасыз етуi тиiс.

45. Орам дайындалған материал мен жабу құрылғысы оның iшiндегi өнiмнiң әсерiне төзгiш болмауы, сондай-ақ сыртқы факторлардың немесе жаңа қауiптi қасиеттердiң өз бетiнше қалыптасуының әсерiнен өзгермеуi тиiс.

46. Iшкi ыдыс тасымалдаудың қарапайым жағдайларында оның iшiндегiлердiң сыртқы ыдысқа жарылуы, тесiлуi немесе жылыстамауы болмайтындай етiп сыртқы ыдысқа салынады. Iшкi ыдыстан сыртқы ыдысқа iшiндегi өнiмнiң ағып кетуiне жол берiлмейдi.

47. Сұйықтықтар тасымалдаудың қарапайым жағдайларында туындауы мүмкiн iшкi қысымға шыдамды iшкi ыдысқа ғана құйылуы тиiс.

48. Тұтынушы орам синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының тұтынушылар үшiн қауiпсiздiгiн және жарамдылық мерзiмi iшiнде өнiмнiң сақталуын қамтамасыз етуi тиiс.

49. Көлiктiк орам өнiмдi сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату кезiнде өнiмнiң қауiпсiздiгiн қамтамасыз етуi тиiс; оның таңбалануы осы техникалық регламенттiң 43-тармақтың талаптарына сәйкес келуi тиiс.

12. Сәйкестiк болжамы

50. Үйлестiрiлген стандарттардың талаптарына сәйкес дайындалған синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары осы техникалық регламент талаптарына сәйкес деп есептеледi.

51. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары олардың осы техникалық регламентке сәйкес болған кезiнде өзге де стандарттау жөнiндегi нормативтiк құжаттар бойынша дайындалуы мүмкiн.

13. Сәйкестiктi бағалау және растау

52. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары осы техникалық регламенттің талаптарына және осы өнім қолданылу саласына жататын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігін бағалау мынадай:

- 1) синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының құрамына кіретін химиялық заттарды тіркеу;
- 2) сәйкестікті міндетті растау (міндетті сертификаттау және сәйкестікті мәлімдеу);
- 3) мемлекеттік бақылау жолымен жүзеге асырылады.

53. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының осы және олардың қолданылу саласына синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары кіретін өзге де техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін растау өтінім берушінің таңдауы бойынша міндетті сәйкестікті растау немесе сәйкестікті декларациялау нысандарында жүзеге асырылады.

54. Сәйкестікті растау немесе сәйкестікті декларациялау Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

55. Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының сертификаты және сәйкестігі туралы декларациясының әрекет ету мерзімі Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес анықталады.

14. Үйлестіру стандарттарының тізбесі

56. Үйлестіру стандарттарының тізбесі:

- 1) МемСТ 2407-83 "Көмір-сүректі карбюратор. Техникалық жағдайлар";
- 2) МемСТ 4453-74 "Сүректік ұнтақ тәрізді сәулелендіретін белсенді көмір. Техникалық жағдайлар";
- 3) МемСТ 5454-76 "А азотолы. Техникалық жағдайлар";
- 4) МемСТ 6217-74 "Сүректік уатылған белсенді көмір. Техникалық жағдайлар";
- 5) МемСТ ИСО 6388-2002 "Беттік-белсенді заттар. Тұрақсыздық сипаттамасын айқындау";
- 6) МемСТ 6755-88 "ХП-И химиялық әкті жұтқыш. Техникалық жағдайлар";
- 7) МемСТ 8703-74 "Рекуперациялық белсенді көмір. Техникалық жағдайлар";
- 8) МемСТ 8980-75 "Тоқыма көмекші заттар. Стеарокс-6. Техникалық жағдайлар";
- 9) МемСТ 12596-67 "Белсенді көмірлер. Күлдің массалық үлесін айқындау әдісі";
- 10) МемСТ 12597-67 "Сорбенттер. Судың белсенді көмірдегі және олардың негізіндегі катализаторлардағы массалық үлесін айқындау әдісі";
- 11) МемСТ 14845-79 "Майлы еріген қышқылдар. Техникалық жағдайлар";
- 12) МемСТ 16187-70 "Сорбенттер. Фракциялық құрамды айқындау әдісі";
- 13) МемСТ 16188-70 "Сорбенттер. Уату кезіндегі төзімділікті айқындау әдісі";
- 14) МемСТ 16189-70 "Сорбенттер. Бақауларды қысқарту және орташалау әдісі";

- 15) МемСТ 16188-70 "Сорбенттер. Салу тығыздығын айқындау әдісі";
- 16) МемСТ 17218-71 "Белсенді көмірлер. Бензол бойынша қорғау іс-қимылының уақытын айқындау әдісі";
- 17) МемСТ 17219-71 "Белсенді көмірлер. Судағы пораның жиынтықты көлемін айқындау әдісі";
- 18) МемСТ 18261-72 "Белсенді көмірлер. Хлорлы этил бойынша қорғау іс-қимылының уақытын айқындау әдісі";
- 19) МемСТ 22567.1-77 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Көбік қалыптастырғыш қабілетін айқындау әдісі";
- 20) МемСТ 22567.2-77 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Түйіршікті құрамын айқындау әдісі";
- 21) МемСТ 22567.3-77 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Тұрақтылықты айқындау әдісі";
- 22) МемСТ 22567.4-77 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Белгілі бір көлемнің массасын өлшеу әдісі";
- 23) МемСТ 22567.5-93 "Синтетикалық жуғыш құралдар және беттік-белсенді заттар . Сутекті иондардың шоғырлануын айқындау әдісі";
- 24) МемСТ 22567.6-87 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Беттік-белсенді заттардың массалық үлесін айқындау әдісі";
- 25) МемСТ 22567.7-87 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Фосфор қышқылды тұздардың массалық үлесін айқындау әдісі";
- 26) МемСТ 22567.8-77 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Натрий силикатын айқындау әдісі";
- 27) МемСТ 22567.9-87 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Карбонаттың немесе бикарбонат натрийдің массалық үлесін айқындау әдісі";
- 28) МемСТ 22567.10-93 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Белсенді оттегінің массалық үлесін айқындау әдісі";
- 29) МемСТ 22567.12-82 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Төгілгіштігін айқындау әдісі";
- 30) МемСТ 22567.13-82 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Түсін айқындау әдісі";
- 31) МемСТ 22567.14-93 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Беттік-белсенді заттар және сабын. Судың массалық үлесін айқындау әдісі";
- 32) МемСТ 22567.15-95 "Синтетикалық жуғыш құралдар. Жуғыш қабілетін айқындау әдісі";
- 33) МемСТ 22989-78 "Белсенді көмірлерді өндіру үшін байланыстырушы. Техникалық жағдайлар";
- 34) МемСТ 23361-78 "Көбік жуғыш құралдары. Техникалық жағдайлар";
- 35) МемСТ 23998-80 "Белсенді көмір АГ-2. Техникалық жағдайлар";

- 36) МемСТ 24455-80 "Еденді күтуге арналған құралдар. Эмульсиялық мастиканың суға төзімділігін айқындау әдісі";
- 37) МемСТ 24456-80 "Еденді күтуге арналған құралдар. Эмульсиялық мастиканың термо төзімділігін айқындау әдісі";
- 38) МемСТ 25162-82 "Еденді күтуге арналған құралдар. Эмульсиялық мастиканың су бүрку қабілетін айқындау әдісі";
- 39) МемСТ 25163-82 "Беттік-белсенді заттар (ЖБЗ). Иогенді емес ЖБЗ-ның еркін полиэтиленгликолды және активті заттарын айқындау әдісі";
- 40) МемСТ 25644-96 "Ұнтақ тәрізді синтетикалық жуғыш заттар. Жалпы техникалық талаптар";
- 41) МемСТ 27076-86 "Оптикалық ағартқыштар. Судағы ерігіштігін айқындау әдісі";
- 42) МемСТ 27404-87 "Оптикалық ағартқыштар. Массада өңделген қағаздағы шоғырлануын, реңкін және барынша ағартқыштық әсерін айқындау әдісі";
- 43) МемСТ 28478-90 "Беттік-белсенді заттар. Органикалық емес сульфаттың құрамын айқындау. Титриметрикалық әдісі";
- 44) МемСТ 28954-91 "Беттік-белсенді заттар және жуу құралдары. Қолмен немесе механикалық жолмен тікелей қос фазалы әдіспен анионды белсенді заттардың құрамын айқындау";
- 45) МемСТ 29190-91 "Беттік-белсенді заттар. Пастаның тығыздығына қатысты айқындау әдісі";
- 46) МемСТ 29232-91 "Анионды және ионногенді емес беттік-белсенді заттар. Мицелло қалыптасудың сындарлы шоғырлануын айқындау. Пластиналардың, скобаның немесе сақинаның көмегімен беткі кернеуін айқындау";
- 47) МемСТ 29263-91 "Беттік-белсенді заттар. Кальций қаттылығы берілген суды дайындау әдісі";
- 48) МемСТ 29264-91 "Беттік-белсенді заттар. Қатты судағы тұрақтылықты айқындау";
- 49) МемСТ 30024-93 "Беттік-белсенді заттар және синтетикалық жуғыш заттар. Сынаманы бөлу әдісі";
- 50) МемСТ 30268-95 "Белсенді импрегнирленген көмірлер. Техникалық жағдайлар";
- 51) МемСТ 30278-95 "Су сабындар мен көбікті жуғыш заттары. Микробтық жұқтыруға тұрақтылықты айқындау әдісі";
- 52) МемСТ 30279-95 "Су сабындар мен көбікті жуғыш заттары. *Staphylococcus aureus* анықтау әдісі";
- 53) МемСТ 30280-95 "Су сабындар мен көбікті жуғыш заттары. Микробты ластану. Ашытқының құрамын есепке алу және *Candida albicans* анықтау әдісі";
- 54) МемСТ 30281-95 "Су сабындар мен көбікті жуғыш заттары. Микробтық ластану. *Pseudomonas aeruginosa* анықтау әдісі";

- 55) МемСТ 30282-95 "Су сабындар мен көбікті жуғыш заттары. Микробтық ластану . Escherichia coli анықтау әдісі";
- 56) МемСТ 30283-95 "Су сабындар мен көбікті жуғыш заттары. Шоғырландыратын қосындылардың тиімділігін айқындау әдісі";
- 57) МемСТ 30468-97 "Су сабындар мен көбікті жуғыш заттары. Микроорганизмдермен жалпы ластануды айқындау әдісі";
- 58) МемСТ 1921287-87 "Дифтордихлорметан (хладон 12). Техникалық жағдайлар";
- 59) МемСТ 28084-89 "Салқындататын өте қатырмайтын сұйықтықтар. Жалпы техникалық жағдайлар";
- 60) МемСТ 29265-91 "Органикалық хладагенттер (хладондар). Цифрлық белгілеулер";
- 61) МемСТ 10916-74 "132-12 Д кремний органикалық электр оқшаулағыш сұйықтық. Техникалық жағдайлар";
- 62) МемСТ 10957-74 "132-24 және 132-25 кремний органикалық маркалардың сұйықтығы. Техникалық жағдайлар";
- 63) МемСТ 13004-77 "Полиэтилсилоксанды сұйықтық. Техникалық жағдайлар";
- 64) МемСТ 18613-88 "132-10 және 132-10 Д гидравликалық маркалар сұйықтығы. Техникалық жағдайлар";
- 65) МемСТ 20841.1-75 "Кремний органикалық өнімдер. Сыртқы түрі мен механикалық қоспаларды айқындау әдісі";
- 66) МемСТ 20841.2-75 "Кремний органикалық өнімдер. Кремнийдің массалық үлесін айқындау әдісі";
- 67) МемСТ 20841.3-75 "Кремний органикалық өнімдер. Ұйып қалу температурасын айқындау әдісі";
- 68) МемСТ 20841.4-75 "Кремний органикалық өнімдер. Ортаның реакциясын айқындау әдісі";
- 69) МемСТ 20841.5-75 "Кремний органикалық өнімдер. Алкоксильді топтардың массалық үлесін айқындау әдісі";
- 70) МемСТ 20841.7-75 "Кремний органикалық өнімдер. Алкилхлорсиландардың құрамын айқындаудың газохроматографиялық әдісі";
- 71) МемСТ 20841.8-79 "Кремний органикалық өнімдер. Арил-алкилхлорсиландардың құрамын айқындаудың газохроматографиялық әдісі";
- 72) МемСТ 25149-82 "N 7 сұйықтық. Техникалық жағдайлар";
- 73) МемСТ 26371-84 "Этилсиликат-40. Техникалық жағдайлар";
- 74) МемСТ 14618.2-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Карбонильді қосылыстарды айқындау әдісі";
- 75) МемСТ 14618.3-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Тотықтарды айқындау әдісі";

- 76) МемСТ 14618.4-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Қанықпаған қосылыстарды айқындау әдісі";
- 77) МемСТ 14618.5-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Газды хроматофикалық талдау әдісі";
- 78) МемСТ 14618.6-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Суды айқындау әдісі";
- 79) МемСТ 14618.9-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Айналу бұрышын және полярлану жазықтығының айналуының үлес шамасын айқындау әдісі";
- 80) МемСТ 14618.10-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Тығыздығы мен сынғыштық көрсеткішін айқындау әдісі";
- 81) МемСТ 14618.11-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Ұшатын заттар мен қоспалардың еріткіштігін айқындау әдісі";
- 82) МемСТ 14618.12-78 "Эфир майлары, хош иісті заттар мен оларды синтездеудің жартылай өнімдері. Температуралық бөліктердің, ажыратудың, балқу және тұну температурасын айқындау әдісі";
- 83) МемСТ 790-89 "Қатты шаруашылық сабыны және иіс сабын. Өлшемдерді қабылдау ережесі мен орындау әдістері";
- 84) МемСТ 4225-76 "Парфюмерлік сабын. Техникалық жағдайлар";
- 85) МемСТ 26878-86 "Шаш күтуге арналған және ваннаға арналған су сабындар. Хлоридтердің құрамын айқындау әдістері";
- 86) МемСТ 28303-89 "Парфюмерлік-косметикалық бұйымдар. Орау, таңбалау, тасымалдау және сақтау";
- 87) МемСТ 28546-2002 "Қатты жуыну сабыны. Жалпы техникалық жағдайлар";
- 88) МемСТ 29189-91 "Косметикалық крем. Жалпы техникалық жағдайлар";
- 89) МемСТ 30266-95 "Қатты шаруашылық сабыны. Жалпы техникалық жағдайлар";
- 90) МемСТ 3864-75 "22 %-дық мастика. Техникалық жағдайлар";
- 91) МемСТ 6867-77 "НБ ылғалдандырғыш. Техникалық жағдайлар";
- 92) МемСТ 7927-75 "Бутилді және этилді калий ксантогенаттары. Техникалық жағдайлар";
- 93) МемСТ 10730-82 "Тоқыма көмеуші заттары. ОС-20 препараты. Техникалық жағдайлар";
- 94) МемСТ 10896-78 "Иониттар. Зерттеуге дайындық";
- 95) МемСТ 10900-84 "Иониттар. Түйіршікті метрикалық құрамды айқындау тәсілдері";
- 96) МемСТ 19113-84 "Қарағай шайыры. Техникалық жағдайлар";
- 97) МемСТ 21533-76 "Орман химиялық өнімдері. Газохроматографиялық талдау әдісі";

98) МемСТ 25659-83 "Ақ түсті люминесцентті лампалар үшін люминофор. Техникалық жағдайлар";

99) МемСТ 28670-90 "Орман химиялық өнімдері. Орау, таңбалау, тасымалдау және сақтау";

100) МемСТ 29289-92 "Орман химиялық өнімдері. Қабылдау ережесі, сынаманы іріктеу";

101) ҚР СТ МемСТ Р 50097-2007 "Беттік-белсенді заттар. Фаза аралық созылуды айқындау. Тамшылар көлемінің әдісі";

102) ҚР МемСТ Р 51021-2007 "Тұрмыстық химия тауарлары. Ыдыстан шайылғыштығын айқындау әдісі";

103) ҚР СТ МемСТ Р 50551-2007 "Тұрмыстық химия тауарлары. Белсенді хлорды айқындау әдісі";

104) ҚР МемСТ Р 51019-2007 "Тұрмыстық химия тауарлары. Сілтілік компоненттерді айқындау әдісі";

105) ҚР СТ ИСО 685-2007 "Сабынды талдау. Сілтілік және майлы заттардың жалпы құрамын айқындау";

106) ҚР СТ ИСО 4323-2007 "Сабын. Хлоридтердің құрамын айқындау. Потенциометрикалық әдіс";

107) ҚР СТ ИСО 4324-2007 "Беттік-белсенді заттар. Ұнтақтар мен түйіршіктер. Табиғи еңістің бұрыштарын өлшеу";

108) ҚР СТ ИСО 8022-2007 "Беттік-белсенді заттар. Тиеу кезіндегі шаю қабілетін айқындау".

15. Қолданысқа енгізудің мерзімдері мен шарттары

57. Осы техникалық регламент алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

58. Осы техникалық регламентті қолданысқа енгізгенге дейін берілген сәйкестікті растау саласындағы құжаттар олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамды деп есептеледі.

"Синтетикалық жуғыш құралдар
мен тұрмыстық химия
тауарларының қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
1-қосымша

Тұтынушыға арналған ақпаратқа міндетті түрде енгізілетін синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарлары құрамы ингредиенттерінің тізбесі

1. Жуғыш, тазартқыш және көмекші құралдар құрамында 0,2 %-дан жоғары болған жағдайда (салмақ.):

1) фосфаттар;

- 2) фосфонаттар;
- 3) аниондық беткі-белсенді заттар;
- 4) катиондық беткі-белсенді заттар;
- 5) амфотерлық беткі-белсенді заттар;
- 6) бейионогенді беткі-белсенді заттар;
- 7) оттегі негізді ағартқыш заттар;
- 8) хлор негізді ағартқыш заттар;
- 9) этилендиаминтетрасіркесу қышқылы және оның тұздары;
- 10) нитрилоүшсіркесу қышқылы және оның тұздары;
- 11) фенолдар мен галогенді фенолдар;
- 12) парадихлорбензол;
- 13) хош иісті көмірсутектері;
- 14) алифаттық көмірсутектері;
- 15) галогенделген көмірсутектері;
- 16) сабын (майлы қышқыл тұздары);
- 17) цеолиттер;
- 18) поликарбонаттар;
- 19) тұз қышқылы;
- 20) қымыздық қышқылы;

2. Олардың жуғыш, тазартқыш және көмекші құралдар құрамында болуына карамастан:

- 1) энзимдер;
- 2) зарарсыздандырғыш заттар;
- 3) оптикалық ағартқыштар;
- 4) хош иістендіргіш қоспалар;
- 5) консерванттар.

3. Жуғыш, тазартқыш және көмекші заттар құрамында 0,01 % (салмақ.) артық болуы жағдайда әлеуетті аллергиялар:

- 1) амилциннамаль;
- 2) бензил спирті;
- 3) корица спирті;
- 4) цитраль;
- 5) эвгенол;
- 6) гидроксцитронеллаль;
- 7) изоэвгенол;
- 8) амилкорица спирті;
- 9) бензилсалицилат;
- 10) циннамаль;
- 11) гидроксиметилпентил-циклогексенкарбоксиальдегид;

- 12) кумарин;
- 13) гераниол;
- 14) бәден спирті;
- 15) бензилциннамат;
- 16) фарнезол, 2-(4-Тертбутилбензил) пропиональдегид;
- 17) линалоол;
- 18) бензилбензоат;
- 19) цитронеллол;
- 20) гексилкорицалық альдегид;
- 21) d-лимонен;
- 22) метилгептинкарбонат;
- 23) 3-метил-4-(2,6,6-три-метил-2-циклогексен-1-ил)-3- бутен-2-он;
- 24) ағаш мүгінің сығындысы;
- 25) емен мүгінің сығындысы.

"Синтетикалық жуғыш құралдар
мен тұрмыстық химия
тауарларының қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
2-қосымша

Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия
тауарлардың қауіпсіздік көрсеткіштерінің шекті рұқсат
етілетін мәндері

Р/с N	Көрсеткіш атауы	Мәні	Ескертпе
1	2	3	4
1	Биоыдыратушылық: Толық, % Бастапқы, %	60-тан кем емес (көміртегінің қос тотығы бойынша) немесе 70-тен кем емес (жалпы органика- лық көміртегі бойынша) 80-нен кем емес	Қанағатсызданарлық т о л ы қ биоыдыратушылық кезінде бастапқы биоыдыратушылықты сынақтан өткізу міндетті. Беткі-белсенді заттар (ББЗ) мен биоыдырату- шылық 80%-дан кем нарық айналымына жіберілуі мүмкін емес
2	Құралдың немесе салмақтық үлесі 1% құралдың сулы ерітіндісінің сутегілік иондарының белсенділік	3,0-11,5	Сұйық өнімнің немесе салмақтық үлесі 1%-дан өнімнің су ерітінді- сінде 3,0 кен немесе 11,5 артық рН мағына- сында тұтынушылық ораманы таңбалау

	көрсеткіші (рН), рН бірл.		міндетті (пиктограмма және мәтін)
3	Ыдыс жууға арналған құралдың ыдыстан шайылуы, мг/дм ³ артық емес: 1) аниондық беткі-белсенді заттан тұратын құралдар үшін (АББЗ) 2) бейиондық беткі-белсенді заттан (БББЗ) тұратын құралдар үшін	0,5 0,1	
4	P ₂ O ₅ қайта санағанда фосфор құрамды қосындысының салмақтық үлесі, %, артық емес: 1) құрамында фосфот бар құралдарда (су жұмсартқыш құралдардан басқа) 2) су жұмсартқыш құралдарда	22 30	
5	Құрамында хлор белсенді қосындылар бар құралдарда белсенді хлордың салмақтық үлесі, %, артық емес немесе құрамында хлор белсенді қосындылар бар құралдарда белсенді хлордың салмақтық шоғыры, г/дм ³ , артық емес	8 200	Тұтынушылық ораманы таңбалау міндетті (пиктограмма және мәтін) Тұтынушы ораманы таңбалау міндетті (пиктограмма және мәтін)
6	Тозаң тұзу (тозаңның салмақтық үлесі), %, артық емес	5	Сусыма өнімдер мен түйіршіктер үшін
	Тыныс алуда улану		

7	мүмкіндігінің коэффициенті (ТУМК)*, артық емес	29	Сусыма өнімдер мен аэрозольдік орамадағы тұрмыстық химия тауарлары үшін
8	Аэрозольдік орамадағы тұрмыстық химия тауарлары үшін: 20 ° С-да аэрозольдік орамадағы артық қысым, МПа (кгс/см ²) 1) сұйылтылған газдар мен көмірқышқыл газының пропеллентін пайдаланатын құралдар үшін; 2) қысылған газдардың пропеллентін пайдаланатын құралдар үшін	0,20(2,0)-0,60 (6,0) 0,55(5,5)-0,90 (9,0)	

Ескертпе.

* - тыныс алу арқылы улану мүмкіндігінің коэффициенті (ТУМК) - 20 ° С ауада зиянды заттың ең жоғарғы шоғырының тышқандар үшін орташа шоғырына қатынасы.

"Синтетикалық жуғыш құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентіне 3-қосымша

Қауіпсіздік паспортының тиісті бөлімдеріне сәйкес енгізілетін ақпарат құрамына, мазмұны мен нысанына қойылатын ең аз талаптар

р/б N	Қауіпсіздік паспортының бөлімдеріне қосылатын ақпарат	Ақпараттың мазмұнына және нысанына қойылатын талаптар
1	2	3
	Химиялық өнім атауы (аты)	Нормативтік құжатта көрсетілгенге тиісті химиялық өнімдер атауы (аты). Химиялық өнімдерді қолдану бойынша ұсынымдар мен шектеулер.

1	және ұйым (тұлға) - өндіруші немесе жеткізуші туралы мәліметтер	Химиялық өнімді өндіруге, әкелуге және айналымға шығаруға жауапты ұйымның (адамның тегі) толық ресми атауы, мекен-жайы және телефоны. Шұғыл байланыс телефоны.
2	Қауіпті әсер түрлері және олардың туындау жағдайлары	Қазақстан Республикасы аумағындағы қолданыста заңға сәйкес химиялық өнім қауіптілігін жіктеу туралы мәліметтер.
3	Құрамы (негізгі қауіпті компоненттер)	<p>Өзімен жеке химиялық затты ұсынатын химиялық өнім үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - IUPAC бойынша химиялық атауы, химиялық формула; - қарапайым атауы, синонимдер және т.б. <p>CAS нөмірі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы өнім құрамында бар және оның қауіптілігіне әсер ететін араласқан және тұрақтандырушы қоспалар. <p>Өзімен заттар қоспасын ұсынатын химиялық өнім үшін алушыға және өзге де мүдделі адамдарға оны қолдануға байланысты тәуекелді анықтауға мүмкіндік беретін өнім құрамы (компоненттер бойынша) туралы ақпарат ұсынылуы тиіс.</p> <p>Адам денсаулығы немесе қоршаған орта үшін қауіп тудыратын барлық компоненттер үшін: компонент атауы мен өзге де сәйкестендіру белгілері; шоғыры немесе шоғырлар ауқымы; қауіпті сипаттаудан тұратын ақпарат ұсынылуы тиіс.</p> <p>Ескертпе:</p> <p>Егер нақты химиялық заттардың бар болуы туралы мәліметтер кұпия болып табылатын болса, онда арнайы нормативтік және заңнамалық актілердің талаптарын басшылыққа алу керек. Осы заттардың химиялық</p>

		қасиеттері тұтынушылардың қауіпсіздігіне кепілдік беретін шамада ұсынылуы керек.
4	Зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету жөніндегі шаралар	<p>Зардап шегушіге медициналық көмек бірден көрсетілуі керек жағдайларды міндетті түрде көрсетіп зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету бойынша қажетті шараларды сипаттау. Бұл ретте, нақты саладағы (токсиколог, дерматолог және т.б.) маман-дәрігердің көмегі қажет немесе лазымдығын міндетті түрде көрсету керек. Химиялық өнімнің тікелей және бірнеше уақыт аралығы өткеннен кейін әсерден пайда болатын әсер белгілері туралы деректер. Қайғылы оқиға жағдайында оқиға болған жерде тікелей не істеу керектігін көрсету қажет. Баяу әрекет ететін қандай да бір залалды күтуге бола ма.</p> <p>Зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы ақпарат зиянды әсер ету (тыныс алу органдары, көздер, тері, ағза ішіне түсуі және т.б.) түрлері (бағыттары) бойынша топталуы қажет.</p>
5	Өрт-жарылыс қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары және шаралар	<p>Химиялық өнімнің өрт жарылыс қауіптілігінің жалпы сипаттамасы.</p> <p>Өрт жарылыс қаупінің көрсеткіштері.</p> <p>Жану және жылудан бұзылатын өнімдерімен туындайтын қауіп.</p> <p>Өрт сөндіруде ұсынылатын құралдар.</p> <p>Өрт сөндіруде тиым салынған құралдар.</p> <p>Өрт сөндіру кезіндегі жеке қорғау құралдары. Сөндіру ерекшелігі.</p>
		Тұтану және тозақ көздерін белгілеу, тыныс алу

6	Төтенше жағдайларды алдын алу және жою жөніндегі шаралар	<p>органдарын қорғау (оның ішінде желдету есебінен), көз бен теріге әсер етуді алдын алу сияқты жеке және ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары. Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін сақтық шаралары (оқшаулау қажеттігі мен түрі, сарқынды су құбырларынан ең кіші алшақтауы, жерасты және беткі суларды, топырақты қорғау шаралары, жақын орналасқан аудандар тұрғындарына хабарлау қажеттілігі және т.б.). Бейтараптау мен тазарту әдістері, оның ішінде сіңіргіш материалдарды (күм, ағаш үгіндісі, арнайы және әмбебап байланыстырушы заттар және т.с.с.) қолдану, шоғырлануды төмендету үшін суды және өзге құралдарды пайдалану әдісі. Қажет жағдайда қай құралдарды және қай жағдайларда осы мақсаттар үшін пайдаланбау керектігі көрсетілуі қажет.</p>
7	Химиялық өнімдермен жұмыс істеу және оны сақтау ережелері	<p>Жұмыс істеу кезінде алдын ала сақтандыру шаралары. Химиялық өнімді қауіпсіз сақтау шарттары мен мерзімдері, оның ішінде: өткізбейтін қабырғалар (қалқаншалар) мен желдеткіштің бар болуын қоса қоймалар немесе сиымдылықтар құрастырылымының ерекшеліктері; сақтау кезіндегі сәйкеспейтін материалдар тізілімі; температура мен ылғалдылықтың рұқсат етілетін ауқымдары, жарық берілуі, орта бойынша талаптарды сақтау, мысалы инертті газ ортасында сақтау талаптары; арнайы электр жабдықтардың</p>

		<p>немесе статистикалық электрді болдырмау үшін шаралар қажеттілігі; нақты сақтау жағдайларында химиялық өнімнің шекті сандары; орау үшін ұсынылатын материал (контейнер) түрі; сақтау шараларына қойылатын қосымша арнайы талаптар.</p>
8	<p>Еңбекті қорғау жөніндегі талаптар мен қызметкерлердің (пайдаланушының) қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар</p>	<p>Міндетті бақылауға жататын параметрлер, олардың қызметкерлер үшін биологиялық қауіпсіз олардың шекті рұқсат етілетін мәндері (олар белгіленген стандарттар мен өзге де нормативтік-техникалық құжаттарға сілтеме жасау) Қауіпсіздіктің инженерлік шаралар жүйесі туралы ақпарат. Қызметкерлерді жеке қорғау құралдары туралы ақпарат.</p>
9	<p>Физикалық және химиялық қасиеттер</p>	<p>Түсін көрсететін (қатты, сұйық, газ тектес) физикалық күйі. Иісі (иіс шегі) Балқу/қату температурасы. Қайнауының басты температурасы және қайнауының температуралық ауқымы. Жану температурасы. Жану жарылудың жоғарғы/ төменгі шегі. Бу қысымы. Бу тығыздығы. Химиялық өнімнің салыстырмалы тығыздығы. Ерігіштік. Тарату коэффициенті: n-октанол/су. Өздігінен жану температурасы. Ыдырату температурасы.</p>
10	<p>Тұрақтылық және химиялық белсенділік</p>	<p>Химиялық тұрақтылық. Қауіпті реакциялар мүмкіндігі. Болдырмауға тырысу күйі (мысалы, статистикалық разряд, соққы немесе діріл).</p>

		Үйлеспейтін материалдар. Ыдыраудың қауіпті өнімдері.
11	Уландырғыштық	Адамның химиялық өніммен байланысында уланушылық әсері, қысқа, бірақ жан-жақты сипаттама енгізеді: әсер етудің ықтимал жолдары туралы ақпарат (тыныс алу, жұту, тері және көзге тиюі); Әсер ету белгілері; Химиялық өніммен тікелей байланысты әсерлер адам денсаулығы үшін қауіпі туралы мәліметтер, сондай-ақ сол әсерлердің зардаптары және ағзаға әсер салдарының қауіпті шалғай зардаптары туралы мәліметтер; Қатты уландырғыштық көрсеткіштері; ең кіші уландырғыштық әсерлердің дозалары (шоғыры) және өзге де химиялық өнімнің адам ағзасына әсерін сипаттайтын сандық сипаттар.
12	Қоршаған ортаға әсері	Қоршаған ортаға (ауа, су, топырақ) мүмкін әсерлерді бағалау. Қоршаған ортада тұрақтылығы мен ауысуы туралы деректер. Көші-кон туралы (топырақтағы) деректер. Қолайсыз әсерлердің өзге түрлері.
13	Жою оның ішінде қалдықтарды - залалсыздандыру, кәдеге жарату және көму	Химиялық өнімдердің қажет емес қалдықтарын қауіпсіз өңдеу жөніндегі ұсынымдар. Химиялық өнімнің өзін және ластанған орамаларды залалсыздандыру немесе көму әдістері (жағу, полигонда көму, қайта пайдалану және т.б.).
14	Алып өту (тасымалдау) кезіндегі ақпарат	Алып өту кезіндегі жүк атауы. Алып өту кезінде қауіпті жіктеу. БҰҰ нөмірі. Орама тобы (егер қолданылса). Химиялық өнім теңіз ластаушыларының қатарына жататындығы туралы мәліметтер.

		Қауіпсіз орнын ауыстыру және тасымалдау бойынша ұсынымдар.
15	Халықаралық және ұлттық заңнама	Заң туралы мәліметтер. Адам және қоршаған ортаны қорғау жөнінде талаптарды регламенттейтін құжаттар туралы мәліметтер (сертификаттар). Халықаралық сақтандыру таңбалары туралы мәліметтер.
16	Қосымша ақпарат	Қауіпсіздік паспортының әзірленген/қайта қаралған күні туралы ақпарат. Пайдаланылатын құжаттар мен әдебиеттер тізілімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК